

FTAMP 13.11.47: 13.51.11: 03.01.29
ӨОЖ 930.85:008:004.9

DOI 10.47649/vau.24.v74.i3.02

Ғ. Темиргон 

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі
Алматы қ., 050059, Қазақстан Республикасы
*e-mail: gt_csmrk@mail.ru

ЗАМАНУИ ЦИФРЛАНДЫРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ МУЗЕЙ ЭКСПОЗИЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСЫНДА ҚОЛДАНЫЛУЫ ЖӨНІНДЕ

Андатпа.

Мақалада музей объектілерін көркем-бейнелеу бейімдеудің өзектілігі, сондай-ақ заманауи мультимедиялық және заманауи ақпараттық-техникалық жабдықтардың музейлік ғылыми-зерттеу бағдарламаларын атқарудағы шығармашылық және кәсіби білімнің дамуын қамтамасыз етудегі жаңа тәсілдерін енгізуінің өзектілігі қарастырылады. Музей қызметтерінің айтарлықтай артықшылығы бар жаңа өзекті, инновациялық интерактивті түрлерін ұсыну бойынша сұраныс-ұсыныс мәселелерін тиімді шешу қажеттігі, сонымен қатар, елдік туристік кластерлерге кіретін музейлердің мәртебесін және бәсекеге қабілеттілігін қолдау шараларын арттыру да назарға алынды.

Музей экспозициялық кеңістігіне цифрландыру технологияларын енгізу және интерактивті «тірі» экспозицияларды жасау музей кеңістігінде заманауи инфрақұрылым жасау жөніндегі бастамаларды, сондай-ақ жалпы мәдениет саласында креативті индустрияны дамытуды қолдау тәсілі ретінде айқындалатындығы дәлелденген.

Ғылыми мақалада тарихи профильді бағыттағы музейде дәстүрлі мәдениет пен өнер заттарын пайдалана отырып, заманауи музей технологияларын енгізу процесінің ерекшелігін көрсету және оларды іске асыру контекстінде қарастыру болып табылады.

Бүгінгі күні интерактивтілік, қосымша виртуалды шындық, жасанды интеллект және экспонаттардың 3D проекциялары музейге деген қызуғушылықты жандандырады. Сонымен қатар, жаңа технологиялар музей келушілері үшін экспонаттардың мағынасын «терең» ашуға көмектеседі. Көптеген музейлер әлі күнге дейін инверсиядан, яғни музей тәжірибесінің әдеттегі тәртібін өзгертуден сақ болғанымен, бұл процесті ендігі тоқтатуға қиын болатынын мойындау керек. Осыған байланысты мақалада музей аясында технологиялық жабдықтардың қолдану барысында музей заттарының өзіндік тарихи-мәдени маңыздылығын дұрыс қабылдауға кедергі келтірмейтіндігіне де назар аударуына мән берілген.

Негізгі сөздер: музей, экспозиция, мәдени мұра, қор, цифрландыру.

Кіріспе.

Бүгінгі күні көптеген салалар аясында цифрландыру (сандықтандыру) және жаһандану үдерісінің кеңейуіне байланысты ақпараттар ағынын талдау, өңдеу және пайдалану, сонымен қатар, олардың қоғамдық қызметтердің әртүрлі салаларында сапалы бөліну және қолдану жүйелерін анықтау – өзекті мәселе. Сондықтан да бүгінгі күні музей қорларын да өнімді демонстрациялауында мультимедиялық құралдарды пайдаланудың техноинтегративті тәсілдері, сонымен қатар, мәдениеттің барлық саласын ұйымдастырудағы жалпы классикалық көзқарасты жаңарту мәселелері өзекті болып отырғаны мәлім. Осыған себеп болып отырғаны – көптеген салалардың, атап айтқанда, экономика, туризм, сондай-ақ әлеуметтік-гуманитарлық салалардың цифрлық форматқа көшуі де жалпы мәдениет саласының көптеген қызметін ұйымдастыру мен басқаруға жаңа көзқарасты талап етіп отыр.

Айта кету керек, адамгершілік құндылықтар мен халық мәдени және тарихи шығармашылығының жауһандарының жиынтығы ретінде қарастырылатын мәдени-рухани сала – мемлекет дамуындағы ең маңызды стратегиялық бағыт болып саналатын атап өткен жөн. Өйткені, дәл осы мәдени-рухани сала қоғамның (елдің) озық «түрлендіру» қызметінің негізі және, сондай-ақ, оның материалдық және рухани құндылықтарын жасаудағы, жаңғыртудағы және сақтау мен таратудағы (насихаттау) өмірлік негізі болып табылады.

Мәдениет саласын дамыту процестеріне цифрлық технологияларды енгізудегі сәтті ойластырылған тәжірибенің, сондай-ақ оларды ынталандыру үшін ата заманнан бері тарихи қалыптасқан дәстүрлі мәдениеттің өзіндік негіздері мен бірегей аспектілерін (элементтерін) сақтауымен байланыстырылуы ұлттық мәдениетті жаңғырту, сақтау және кеңінен насихаттауда оң нәтижелер беруі тиіс

Жоғарыда айтылғандар, еліміздің ұлттық қазынасы – тарихи-мәдени мұраны сақтауға және насихаттауға бағытталған музей қызметі үшін ерекше маңызға ие. Осы орайда тарихи-мәдени танымдар мен ақпараттарды тарату, насихаттау және трансляциялаудағы мәдени мекемелердің, әсіресе тарихи құндылықтарға толы музейлердің рөлі айтарлықтай екенін атап кету жөн.

Сондықтан аталмыш ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты – бүгінгі таңда замануи цифрлық технологиялардың соңғы жетістіктері негізінде музей экспозициясын, көрмелерін құрудағы теориялық және тәжірибелік жүйелерді, тұжырымдамаларды анықтау, тағайындау, зерттеу жұмыстарын атқаруын өзектілендіру болып отыр.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Жұмыстың зерттеу материалдары ретінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің қорларының негізінде жүргізілген ғылыми зерттеулердің материалдары, оның ішінде мәдениет және өнер туындыларының коллекциялары, музейлік зерттеу-зерделеу нысаны ретіндегі пайдаланылған көне артефактілер және т.б. қолданылды.

Осы орайда тарихты ашып тарқатудағы әртүрлі музей заттарының (этнографиялық, археологиялық, өнер және т.б.) жалпы және айрықша қасиеттері мен белгілерін ашуда мәдени мұраны зерделеуде қолданылатын аналитикалық бейнелеу әдістері, сондай-ақ, салыстырмалы-ұқсастыру әдістері қолданылды. Аталмыш әдістер музей заттарының әртүрлі типтерінің жалпы және ерекше қасиеттері мен сипаттамаларын ашуға мүмкіндік берді.

Бүгінгі таңда біраз ғалымдар музейлік жәдігерлерді дерек ретінде зерделеу негізінде (Воронцова Е.И., Самарина Н.Г. және т.б.), оларды тарихи шындық тілінде «сөйлейтіндігін», бойларында «қалыптасқан» тарихи-мәдени ақпаратты жеткізетіндігін дәлелдеп отыр [1], [2]. Сонымен қатар, музейтанушылар, соның ішінде Д.Р. Рахманкулова, В.Н. Цуканова музей заттарының «мәтіндерін» (текст) құндылық және дербес зерттеу объектілері ретінде қарастырады [3], [4]. Ал, Ю.Шордың тарихи, мәдени және табиғи сипаттағы құндылықтарға байланысты пікірі бойынша олардың мағынасының ашылуы тек «пәндік білімде, немесе пән аралық тоғысқан жерінде де емес, бірақ олардың арасындағы мағына алмасу мен «тілдерінің» «өзарааударуылығында» деп есептелсе [5], жәдігерлердің тарих «куәгері» ретінде өз құрамындағы білімді жеткізе алатындығы (П.Менш, Е.Н. Мастеница) да кеңінен айтылып жүр [6], [7]. Жалпы музей саласын, оның экспозициялық-көрме жұмыстарының бағыттарын дәстүрлі түрде және бүгінгі заман талабына сай құрудың негізгі ғылыми принциптері мен әдістерін дамытуына музей зерттеушілері көп мән береді. Атап айтқанда, мысалы, заманауи музейді инновациялық ақпараттық және мультимедиялық технологияларсыз елестету бүгінгі күні мүмкін еместігі, музейге жаңа технологияларды орнымен енгізу өзектілігі Логинова М.В. және А.С. Притуляның «Внедрение иммерсивных практик в деятельности музеев» [8], С.А. Прокопов пен Н.А. Соколовскийдің «Основы и принципы работы технологии дополненной реальности» еңбегінде [9] және т.б. көптеген басқа да ғылыми зерттеулерде көрсетілген.

Ғылыми зерттеуде тарих және өлкетану бағыттарындағы музейлерге тән көппенді (көпдисциплиналық) тәсіл де қолданылды. Осы бейіндегі музейлер қор коллекцияларының алуантүрлілігі гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының көптеген бағыттары бойынша зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Кез келген музей затының тарихи құндылығы, әрине, оның шынайылығы мен өзіндік ерекшелігінде, бірақ заманауи технологиялардың даму үдерістері музейлік экспонаттардың музей келушілері үшін тартымдылығына үлкен әсер етеді. Уақыт өте келе кейбір музейлер тіпті заттардың түпнұсқасын мүлдем көрсетпей, оларды тақырыптық диорамалармен, тарихи реконструкциялармен, интерактивті бұрыштармен және т.б. сәтті ауыстыруда. Сондықтан заманауи музейлік экспозициялық-көрме кеңістігінде цифрлық графика және компьютерлік моделдеу құралдары да кеңінен танымалдыққа ие болды. Осы орайда, музей экспозициясын көрсетудегі ең жаңа технологиялардың кең ауқымын ескере отырып, тарихи мұраны оның нақтылығы мен көрнектілік тұрғысынан танымал ету үшін мәтіндік және бейнелік техникалық мүмкіндіктерді ғылыми тұрғыдан зерделеу қажеттілігі туындайды [10].


Сондықтан, музейлер қорындағы тарихи-мәдени мұраларды зерттеу мен насихаттауда қолданылатын тәсілдер тарихи артефактілерді сақтау тәсілдерімен бірге экспозициялық демонстрация жүйелерінің эвристикалық мүмкіндіктерін ғылыми тұрғыдан түсіну және олардың тарихи-мәдени тұтастығын толық көрсетуге мүмкіндік беретін инновациялық әдістер мен технологияларды пайдалану қажеттігін талап етеді. Яғни, музейлік мәдени-тарихи кеңістікке келушілерді толығымен бауылту үшін, музейлер өз ғылыми-қор ресурстары негізінде экспозицияларының заманауи талаптарға сай жаңа ғылыми тұжырымдамаларын әзірлеуі өзектеленеді.

Тарихи-мәдени мұраны насихаттаудағы музейлік тәсілдер және технологиялар. Музейлер өз жұмысында жаңа технологияларды пайдалануы негізінде, экспозициялардың ақпараттық, танымдық-эмоционалдық әсерін кеңейте отыра, келушілерді пассивтік бақылаушы тұрғысынан белсенді «қатысушы» деңгейіне көтеруге жағдай жасауы керектігі сөзсіз. Ол үшін бүгін экспозициялық қызметте сәтті жүзеге асырылып отырған және музейге келушілер санаттары арасында сұранысқа ие болған бірқатар бұрыннан келе жатқан интерактивті тәсілдердің өзі де дәлел болып отыр. Олардың қатарында, мысалы, тарихи ескерткіштердің ғылыми реконструкцияларының, тарихи-мәдени дамудың әртүрлі кезеңдері мен белестері туралы баяндайтын диорамалар, интерактивті инсталляциялар және т.б. жатады (сурет 1, 2).



Сурет 1 – №11 Берел қорғанның жерлеу құрылысының диорама-реконструкциясы (Қазақстан Мемлекеттік орталық музейі, «Антропология музейі» залы)

Ескерту: автормен музей диорамалары негізінде құрастырылған



Сурет 2 – «Уық» киіз үйдің ағаш бөлшектерін жасау процесін көрсететін диорама (Қазақстан Мемлекеттік орталық музейі қазақ этнография залы)

Ескерту: автормен музей диорамалары негізінде құрастырылған

Әдетте, музей диорамаларының көмегімен де музей затының «үш өлшемді» (трехмерная) моделі және онымен байланысты ландшафт, табиғат, тұрмыстық көрініс және т.б. көрнекті түрде көрсетіледі. Мәселен, ҚР МОМ «Антропология музейі» экспозициялық залында ұсынылған диорамада (сурет 1) сақ дәуіріндегі көшпелі тектілер өкілдерінің және олармен бірге 13 (он үш) жирен жылқы жерлеу құрылымының (б.з.д. IV-II ғғ.) диорама-реконструкциясы қойылған (Берел қорымы, №11 Қорған) [11]. Айта кету керек, 1998-1999 жылдары Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Берел ауылының маңында профессор Зейнолла Самашевтің жетекшілігімен халықаралық археологиялық экспедициясы ерекше сән-салтанаты мен безендірілген керек-жарақтармен жерленген жылқыларды тапты. Ал, аталмыш музей диорамасы сол артефактілердің ауқымды толық көлемдегі («үш өлшемді» – 3D-ге келетіндей) көшірмесін көрсетуге мүмкіндік береді және келушілердің тарихи нысандар туралы ақпаратты визуалды-көрнекі түрінде толық қабылдауына ықпал етеді.

Музейдің келесі бір диорамасы – «Үйші шеберханасы» (сурет 2) – музей келушілері назарына киіз үйдің ағаш сүйектерін дайындау барысын және «көшпелілер киіз үйдің ағаш бөліктерін өңдеуде қолданатын, түтін салып жұмсартатын «мор», оны ию үшін «тез» құрылғысы» [12] пайдаланғанын көрсетеді. Диорама музей келушілері аудиториясының санасында экспозицияларға қойылған қазақ этнографиясына тән заттарды, оның ішінде киіз үйдің құрылысын, оның эстетикалық, функционалдық жақтарын дұрыс қабылдауына маңызды әсер етеді.

Соңғы кездері экспозицияларды безендірудің дизайнерлік тәсілі де музейлік келушілердің қабылдау эмоционалдық «рухани жандардыру, шынайы сезіну» [5. – 170] қасиеттерін арттыруға бағытталған. Сондықтан қазіргі көрме-экспозициялық қызметте келушілердің сұранысына сай музейлік-бейнелі (образ, театрланған) экспозиция жасау әдісі де сұранысты болып табылады, өйткені ол әртүрлі сәндеу құралдары арқылы өзіндік көркемдік даралығы және индивидуалдығымен барынша қабілетті [13]. Жоғарыда аталған принцип ерекше көрініс тапқан музей көрме-экспозициялық қызметін кеңейтуде соңғы жылдары театрландыру сияқты бағыт ерекше танымал бола бастады (сурет 3). Театрландырған «қойылым» негізінде музей экспонаттарының интерактивті «тірілуі» көптеген келушілердің назарын аударады, шынайы қызығушылығын тудырады. Мәселен, Қазақстан Мемлекеттік орталық музейінің археология бөлімінің мамандары «Музей түні» шарасында музей қорында сақталып келген рәсімдік бақсы киімінің (нақты: тунгус шаманы киімі) негізінде театрландырылған «бақсы ғажайып қасиеттері» көрінісін жүзеге асырған болатын (сурет 3, 4). Бақсы киімі құрамына жататын «маньак» шапаны, екі көкірекшеден және күдері пима аяқ киімінен тұрады. Шапаны тік пошымды, темір алқалармен әшекейленген, жеңдері кең, ұзын шашақпен безендірілген. Шапанның қосымша

атрибуттарын – көптеген темір алқалары, былғары әбзелдермен әртүрлі пішінді кеудешелері оның (бақсының) басқа әлеммен байланысуға арналған «максималды «белгілік» элементтері деп есептеледі [14].



Сурет 3 – КП3801 Бақсының киімі («бақсы»). Тері, металл. Кесте, бұрама, тігіс

Ескерту: автормен құрастырылған



Сурет 4 – Музей заттарына негізделген «Бақсымен кездесу» (интерактивті театрландырылған қойылымнан көрініс)

Ескерту: автормен құрастырылған

Бақсы киімінің интерактивті көрсетілімі музей коллекцияларын насихаттаудың басымды нысандарының және тарихи заттар (музеймен) мен келушілер арасындағы коммуникациялық байланысты орнату құралдарының бір мысалы болып табылады деп айтуға болады.


Музей экспозицияларының дизайнерлік-безендіру тәсілінде жаңа мүмкіндіктер беретін тағы да басқа әдістер бұл экспозицияға көркемдік беретін, сондай-ақ мәдени мұраны насихаттау үшін кең мүмкіндіктер ашатын арнайы әсерлі тәсілдер, жарықтар (прожектор), заманауи мультимедиялық технологиялар болып табылады. Дәл осындайда экспозициялық-көрме кеңістігіне енгізген мультимедиялық технологияларда келушілердің музей экспозицияларымен белсенді танысуына, түсінуіне ынталандырады, олардың келуін қызықты білім беру процесіне айналдыруға көмектеседі, өйткені мультимедиялық құралдар мәтіндік және аудиовизуалды материалдарды бірыңғай интерактивті контексте «біріктіреді».

Көрме алаңдарын ұйымдастырудағы жоғарыда аталған заманауи әдістер мен тәсілдер қор коллекциялары негізінде музей экспозиция кеңістігінде жаңа мультимедиялық технологияларды қолдана отырып, мүлдем жаңа, жеке көркем-бейнелі көрмелерді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Мультимедиялық технологияларды музей кеңістігінде пайдалану қажеттілігі жөнінде. Соңғы жылдары Қазақстан музейлерінде «үш өлшемді» (трехмерный) үлгілерін көрсету ерекше танымалдылыққа ие болды және бұл тәсіл, заттың барлық қырлары мен жақтарын тура мағынада көрсетуге мүмкіндік береді, яғни, заттың (бұл жерде: экспонаттың) барлық оптикалық, геометриялық, метрикалық, түсті және басқа да қасиеттерді жан-жақты шолуға мүмкіндік береді. Өйткені 3D-инсталляция – бұл үлкен

көлемдегі оқиғалар мен нысандардың панорамалық кескіндерін жасау үшін арнайы жарық эффектілерін және мультимедиялық мәтіннің максималды элементтерін қолдану арқылы демонстрациялау заманауи тәсілі болып табылады.

Қазақстан Мемлекеттік орталық музейінің «Ашық қор» (сурет 5, 6) экспозициясында екі алтын заттың 3D-инсталляциясының сканерленген нұсқалары – ортасында құсы бар екі басы бар тау ешкілері түрінде, сонымен қатар, қабанның (немесе, егеуқұйрықтың) адамға шабуылының мүсіндік бейнесі бар сырға көрсетілген. «Қарғалы қазынасы» деп аталатын осы алтын заттар ерте темір дәуіріндегі (б.з.д. II-I ғғ.) Жетісу тұрғындарының зергерлік өнерінің үлгілері кешенінде жатқан. Белгілі болғандай, осы бұйымдар 1939 жылы кездейсоқ табылған археологиялық олжалардың арасында (Алматы қаласы маңындағы аттас шатқалдағы Қарғалы қорымы) болған. Айтарлық, ҚР МОМ «Ашық қор» экспозициялық кешеніндегі археологиялық алтын жәдігерлеріне келушілер арасында өте үлкен қызығушылық туып жатады (сурет 5, 6). Соның ішіндегі қабанның (Ақышевтің айтуы бойынша – «қабан»; Бернштам мен Кузьминнің айтуы бойынша – «егеуқұйрық») адамға шабуыл жасау көрінісін бейнелейтін сырға ерекше орын алады. Бұл шағын түрде жасалған бұйымды витриналық тәсіл заттың барлық қырларынан мұқият қарауға мүмкіндік бермейтіндіктен, алтын жәдігердің инкрустациялық стильде орындалған пішіндік композицияларының көз жетпейтін бөлшектерімен ерекшеліктерін көруге мүмкіндік беретін 3D-инсталляциясы проекциясы жасалынады.



Сурет 5 – КІ26862 Ортасында құсы бар екі басты тау ешкісінің тақтасы (3D сканерлеу үзінділерінен)
Ескерту: автормен құрастырылған



Сурет 6 – КІ3995 Егеуқұйрықтың адамға шабуылының мүсіндік бейнесі бар сырға (3D сканерлеу үзінділерінен)
Ескерту: автормен құрастырылған

Бүгінгі таңда музей экспонаты туралы әртүрлі форматтағы қосымша ақпаратты беруге, сондай-ақ оның ғылыми атрибуциясын көрсетуге мүмкіндік беретін «жанды этикетка» белгісінің (аудио, видео) ерекше тартымдылығы да бар. Мұндай этикетка музей әртүрлі санатты келушілердің, әсіресе балалар аудиториясының назарын аударады. Этикетканың осындай «жанды» түріне тиесілі музейлік заттар «персонаж», «музей

кейіпкері» ретінде «кеңейтілген шындық» мүмкіндіктері арқылы онда әртүрлі әрекеттерді «жасайды» және, осылайша, ерекше диалог жүргізуге мүмкіндік береді. Этикетканың тартымдылығы «Google Play», «AppStore» арнайы мобильді қосымшалардың көмегімен ғана мүмкін бола алады. Сонымен қатар, бүгінгі таңда музейлерде кеңінен қолданылып жүрген QR-код электронды жапсырмасы да тартымды болып отыр.

Музей кеңістігінде қазіргі уақытта нақты уақыт тәртібінде цифрланған нысандар арқылы физикалық әлемнің кеңейтілген виртуалды шындығын жасайтын AR технологиясын қолданатын виртуалды музейлер кеңінен танымал. Ал, заманауи технологияның дәл осы тәсілі музейлік экспозицияны сапалы деңгейде көрсету мүмкіндігін кеңейту мақсатында, виртуалды шындықты шынайы тарихи жәдігерлерге «қабаттастыру» арқылы музей келушілеріне ел тарихы және мәдениетімен танысуға жаңа мүмкіндік туғызады. Осындай музей «саяхаты» көптеген музей келушілеріне қызықты да, әрі әсерлі болуы мүмкін. Бұл AR қосымшасының физикалық және механикалық негізі виртуалды объектілерді физикалық кеңістіктегі (маркер), жазықтықтағы (мысалы, затбелгі, карта және т.б.) белгілі бір нүктеге байланыстыруға негізделген.

Камераны музей затының кескініне бағыттаған кезде, смартфон виртуалды нысандарды физикалық нысандарға байланыстыру үшін заттың беті мен бөлшектерін нақты уақыт тәртібінде есептейді және затты барлық жағынан қарауға мүмкіндік береді [15].

Жоғарыда аталған көптеген классикалық дәстүрлі тәсілдер, сонымен қатар жаңа музейлік технологиялар да музей заты мен келушінің интерактивті байланысын нығайтуға арналған және бүгінгі таңда үлкен аудиторияны қамтитын ғаламдық виртуалды кеңістікте ақпаратты таратуға және көбейтуге кең мүмкіндіктер ашады. Іс жүзінде шексіз мүмкіндіктері бар заманауи ақпараттық дәуір тарихи-мәдени мұраны көрсету және насихаттау әдістері мен тәсілдері ретінде әртүрлі қосымшалары бар музей сайттарын құруға да кең мүмкіндік береді. Соның ішінде, заманауи Google Street View 360° түсірілімін немесе жоғарыда аталған AR қосымшасын («кеңейтілген шындық») пайдалана отырып, виртуалды түрінде музей экспозицияларын көрсетудің заманауи әдістері пайдалануы отандық музейлерде кеңінен таралуда [16].

Иә, заманауи технологияны кеңінен қолдану күнделікті өмірдің заңдылығына айналды. Соған қарамастан, жаһандану дәуірінде олардың тәжірибелік маңыздылығын төмендетпей, біз, музей экспонаттарының тек техникалық құралдарды пайдаланудың «кері» жақтарында танып, белгілеуіміз жөн. Өйткені кейде мұндай әдістемелік және технологиялық құралдарға деген шамадан тыс және бақылаусыз құмарлық музейлердің экспозициялық кеңістігінде шынайы музей материалдарын ішінара немесе толық елемеге әкелуі мүмкін. Мультимедиялық технологиялық мүмкіндіктерді қолдану дәрежесі мен тереңдігі мәселесіне келетін болсақ, музей мамандарының басым көпшілігімен келісу қажет, бұл маңызды жайт, тікелей «шынайы музей заттарын өзектендіру» тәртібінде мультимедиялық технологиялар тек «мәдени-тарихи мұра объектілерінің ішкі мәні мен мазмұнын білдірудің көмекші құралы ретінде қарастырылуы керек» [17]. Әрине, виртуалды орнатымның қандай да бір түрін қолдану көркем шығарманың, тарихи және мәдени артефактінің түпнұсқасын алмастыра алмайды, тек көрерменге онымен байланысты сезінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, музей жұмысында оның кеңістігін ұйымдастырудың технологиялық тәсілдерін пайдаланудың оң және ықтимал жағымсыз жақтарын да ескеру қажет. Сондықтан экспозицияны құруда дәстүрлі және заманауи әдіснамалық тәсілдерді кешенді пайдалану қажет екенін атап өткенмен, музейлік экспозицияны құруда ең алдымен, музейдің өткеннің жаңғырықтарын, яғни материалдық (заттар) шынайы тарихи нысандарын насихаттауға арналғандығын ұмытпауымыз абзал.

Қорытынды.

Бүгінгі күні музей саласы, нақты айтқанда, Қазақстан музейлері бір орында тұрмай, музей келушілерінің барлық санаттарының тарихи-мәдени құндылықтарға қолжеткізу жолдарын кеңейту мақсатында заманауи технологиялық және цифрлық инновацияларды игеру және қолдануда өзінің негізгі мәдени-білім және ғылыми-зерттеу қызметтік бағыттарын дамытуда.

Дегенмен, қазіргі заманғы музей кеңістігін құрудағы дәстүрлі және заманауи әдіснамалық тәсілдердің тек орынды үйлесімі әлеуметтік-гуманитарлық саланың ғылыми-зерттеу құралына айналуына әсер етеді. Осындай өзара «бірлестірілген» тәсіл пәнаралық жұмысты жүргізуге және техно-интерактивті тақырыптық экспозицияларды құруға, сондай-ақ әрбір экспонатты мәдениет мәтіні (текст) ретінде «оқуға» және оны семиотикалық тұтастық ретінде қабылдауға мүмкіндік береді, сондай-ақ, музейлік ғылыми зерттеулерді іске асыруда ғылыми-зерттеу топтарының бейіндік мамандықтары бар қатысушыларын және әртүрлі профильдік бағыттарын – тарих, мәдениеттану, өнертану, этнология, биология, археология (оның ішінде нумизматикалық материалдар) және т.б. қалыптастыруға ықпал ететін болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1 Воронцова Е.И. Музей как элемент системы информационного обеспечения исторической науки: теоретико-методологические аспекты. Гуманитарные науки в Сибири. — №3. — 2014. — С. 82-85
- 2 Самарина Н.Г. Музейное источниковедение. Основы музееведения /отв. ред. Э.А. Шулепова. — Москва. — 2015. — С. 67-105
- 3 Рахманкулова Д.Р. Вещь как мера культуры человека [Текст]: дис. ... канд. филос. наук: 24.00.01 — Нижний Новгород. — 2005. — 175 с.
- 4 Цуканова В.Н. Источник в музее: музееведческие особенности. Проблемы теории, истории и методики музейной работы: источниковая база музеев. Музейное дело. Сборник научных трудов Государственного центрального музея социально-политической истории России. Вып. 28. — Москва. — 2004. — С. 58-80
- 5 Шор Ю.М. К характеристике поля гуманитарного знания. Методология гуманитарного знания в перспективе XXI века»: материалы международной научной конференции. — Вып.12. — Санкт-Петербург. — 2001. — С. 170-172
- 6 Менш П. Ван. К методологии музеологии. Вопросы музеологии. — №1(9). — 2014. — С. 15-29
- 7 Мастеница Е.Н. Наследие и музей: проективная модель культурного комплекса. В поисках музейного образа: материалы научной конференции. — СПб.: СПбГУ. — 2007. — С. 96-107
- 8 Логинова М.В., Питуля А.С. Внедрение иммерсивных практик в деятельности музеев г. Саранска: сотрудничество с приложением «Артефакт». International Journal of Humanities and Natyral Science. vol. 3-2 — (54). — 2021. — Р. 153-157
- 9 Прокопов С.А., Соколовский Н.А. Основы и принципы работы технологии дополненной реальности. Решетневские чтения. Изд.: ФГБОУВО «Сибирский государственный университет науки и технологий имени академика М.Ф. Решетнева». — 2018. — С. 201-203
- 10 Кудайбергенов Е., Темиртон Г., Карабаева А., Исагамбетова З.Н. Музей и культурное наследие: традиционные и инновационные (цифровизация) форматы как важнейшие инструменты музейной деятельности. Научно-практический журнал «MUSEUM.KZ». — №4(4). — 2023. — С. 93-98
- 11 Самашев З., Базарбаева Г., Джумабекова Г., Сунгатай С. Berel-Берел. Альбом. — Алматы. — 2000. — 50 с.
- 12 The Central State Museum of the Republik of Kazakhstan. Guide. Almaty. 2013. 34 p.
- 13 Майстровская М.Т. Композиционные тенденции и формы музейной архитектуры, теории и экспозиционной практики конца XX века. [Электронный ресурс] — URL: https://catalogfiles/1220_m-t-majstrovskaya-kompozicionnye-tendencii-i-formy-muzejnoy-arhitektury-teorii-i-ehkspozicionnoj-praktiki-konca-kh-veka.pdf (дата обращения: 11.02.2024)
- 14 Байбурин А.К. Семиотические аспекты функционирования вещей. Этнографическое изучение знаковых средств культуры. — Ленинград. — Наука. — 1989. — 304 с.
- 15 Иванова А.В. Технологии виртуальной и дополненной реальности: возможности и препятствия применения. [Электронный ресурс] — URL: https://www.jsdrm.ru/jour/article/view/787?locale=ru_RU (дата обращения: 05.05.2023)

16 Иммерсивные технологии – будущее реального и виртуального опыта. [Электронный ресурс] – URL: <https://trends.rbc.ru/trends/industry/62d15e099a794704c379cf3b?from=copy#vr> (дата обращения: 05.05.2023)

17 Поляков Т.П., Зотова Т.А., Пустовойт Ю.В., Нельзина О.Ю., Корнеева А.А. Экспозиционная деятельность музеев. — Москва. — 2020. — 439 с.

К ПРИМЕНЕНИЮ СОВРЕМЕННЫХ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ЭКСПОЗИЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МУЗЕЯ

Аннотация.

Реализация научно-исследовательских программ с целью изучения и решения проблем экспозиционной деятельности музеев рассматривается в контексте внедрения современных мультимедийных и технологических новшеств в музейной сфере. Особое внимание уделено актуальности и оптимальности применения в музейной работе современных, инновационных интерактивных форм музейных услуг, имеющих значительные демонстрационные преимущества.

В наши дни многие цифровые виды подачи и демонстрации музейных экспозиций или отдельных предметов (экспонатов) в интерактивной форме, дополнительной и виртуальной реальности, искусственного интеллекта или же 3D-проекции предоставили возможность оживления музейного пространства. Обозначенные цифровые технологии способствуют более углубленному восприятию и пониманию музейных экспозиций. И хотя в некоторых музеях к изменениям ранее установленного «классического» порядка все еще относятся с осторожностью, тем не менее процесс цифровизации стал теперь частью жизни обществ, и его вряд ли можно остановить.

В этой связи целью и задачами исследования стали изучение необходимости и перспектив использования мультимедийных, цифровых технологий в музейной сфере, разработки интерактивных экспозиций как способов инновационной инфраструктуры экспозиционного музейного пространства, развития креативной индустрии в сфере культуры с тем условием, чтобы в будущем избыточное технологическое обрамление музейных предметов не препятствовало восприятию их истинного историко-культурного значения.

Материалы исследования – результаты исследований теоретико-методологических вопросов и научно-практического опыта по цифровизации музейных предметов из фондов Центрального музея Казахстана. Теоретико-практическая значимость исследования заключается в оценке приоритетности информационно-цифрового развития музеев исторического направления.

Ключевые слова: музей, экспозиция, культурное наследие, фонды, цифровизация.

TO THE APPLICATION OF MODERN DIGITAL TECHNOLOGIES IN MUSEUM EXHIBITION ACTIVITIES

Abstract.

Provision of research programs to study and solve the problems of the exposition and exhibition activities of museums, considered in the context of the integration of modern multimedia and technological innovations in the museum field. Special attention is paid to the relevance and optimality of using modern, innovative interactive forms of museum services in the exposition and exhibition work, which have a significant demonstration advantage.

Nowadays, many digital types of presentations and demonstrations of museum exhibitions or individual objects (exhibits) in the form of interactive, additional, and virtual reality, artificial intelligence, or 3D projection have become an active opportunity to revitalize museum space. The designated digital technologies contribute to a more in-depth perception and understanding of museum exhibitions. And although in some museums changes to the previously established “classical” order are still treated with caution, the process of digitalization has now become part of the life of societies, which can hardly be stopped.

To this end, the objectives of the study were to study the need and prospects for the use of multimedia, and digital technologies in the museum sphere, the development of interactive exhibitions as ways of innovative infrastructure of the museum exhibition space, the development of the creative industry in the cultural sphere so that in the future the excessive technological and digital framing of museum objects did not interfere with the perception of their true historical and cultural significance.

Research materials: the results of research on theoretical and methodological issues and museum scientific and practical experience in the implementation of digitalization of objects from the museum collections of the Central State Museum of Kazakhstan. The theoretical and practical significance of the study is to assess the priority of information and digital development of museums.

Key words: museum, exhibition, cultural heritage, funds, digitalization.

REFERENCES

- 1 Vorontsova E.I. Muzei kak element sistemy informatsionnogo obespecheniya istoricheskoi nauki: teoretiko-metodologicheskie aspekty [*Museum as an element of the information support system for historical science: theoretical and methodological aspects*]. Gumanitarnye nauki v Sibiri. №3. 2014. P. 82-85. [in Russian]
- 2 Samarina N.G. Muzeinoe istochnikovedenie [*Museum source studies*]. Osnovy muzevedeniya /otv. red. E.A. Şulepova. Moskva. 2015. P. 67-105. [in Russian]
- 3 Rakhmankulova, D.R. Veshh kak mera kultury cheloveka [*Thing as a measure of human culture*] [Tekst]: dis. ... kand. filos. nauk: 24.00.01. Nijnii Novgorod. 2005. 175 p. [in Russian]
- 4 Tsukanova V.N. Istochnik v muzee: muzevedcheskie osobennosti [*Source in the museum: museological features*]. Problemy teorii, istorii i metodiki muzeinoi raboty: istochnikovaya baza muzeev. Muzeinoe delo. Sbornik nauchnykh trudov Gosudarstvennogo tsentralnogo muzeya sotsialno-politicheskoi istorii Rossii. Vyp. 28. Moskva. 2004. P. 58-80. [in Russian]
- 5 Shor Yu.M. K kharakteristike polya gumanitarnogo znaniya. Metodologiya gumanitarnogo znaniya v perspektive XXI veka»: materialy mejdunarodnoi nauchnoi konferentsii [*To the characteristics of the field of humanitarian knowledge. Methodology of humanitarian knowledge in the perspective of the 21st century”: materials of the international scientific conference*]. Vyp.12. Sankt-Peterburg. 2001. P. 170-172 [in Russian]
- 6 Mensh P. Van. K metodologii muzeologii. Voprosy muzeologii [*Towards the methodology of museology. Questions of museology*]. 2014. №1(9). P. 15-29. [in Russian]
- 7 Mastenitsa E.N. Nasledie i muzei: proektivnaya model kulturnogo kompleksa. V poiskakh muzeinogo obraza: materialy nauchnoi konferentsii [*Heritage and museum: a projective model of a cultural complex. In search of a museum image: materials of a scientific conference*]. SPb.: SPbGU. 2007. P. 96-107. [in Russian]
- 8 Loginova M.V., Pritulya A.S. Vnedrenie immersivnykh praktik v deyatel'nosti muzeev g. Saranska: sotrudnichestvo s prilozheniem «Artefakt» [*Introduction of immersive practices in the activities of museums in Saransk: cooperation with the “Artifact” application*]. International Journal of Humanities and Natyral Science, vol. 3-2 (54), 2021. P. 153-157. [in Russian]
- 9 Prokopov S.A., Sokolovskii N.A. Osnovy i printsipy raboty tekhnologii dopolnennoi realnosti [*Basics and operating principles of augmented reality technology*]. Reşetnevskie chteniya. İzd.: FGBOUVO «Sibirskii gosudarstvennyi universitet nauki i tekhnologii imeni akademika M. F. Reşetneva». 2018. P. 201-203. [in Russian]
- 10 Kudaibergenov E., Temirton G., Ismagambetova Z., Karabaeva A. Muzei i kulturnoe nasledie: traditsionnye i innovatsionnye (tsifrovizatsiya) formaty kak vajneishie instrumenty muzeinoi deyatel'nosti [*Museum and cultural heritage: traditional and innovative (digitization) formats as important tools of Museum activities*]. Nauchno-prakticheskii zhurnal «MUSEUM.KZ». №4(4). 2023. P. 93-98. [in Russian]
- 11 Samashev Z. Berel-Berel. Albom [*Berel-Berel. Album*]. Almaty: Taimas baspa ui/ 2011. 236 p. [in Russian]
- 12 The Central State Museum of the Republik of Kazakhstan. Guide. Almaty. 2013. 34 p. [in English]
- 13 Maistrovskaya M.T. Kompozitsionnye tendentsii i formy muzeinoi arkhitektury, teorii i ekspozitsionnoi praktiki kontsa XX veka [*Compositional trends and forms of museum architecture, theory and exhibition practice of the late twentieth century*]. Available at: — URL: https://akademiia-stroganova.rf/uploads/catalogfiles/1220_m-t-majstrovskaya-kompozitsionnye-tendencii-i-formy-muzeinoj-arhitektury-teorii-i-ehkspozitsionnoj-praktiki-konca-kh-veka.pdf [in Russian] (accessed: 05.05.2023)
- 14 Baiburin A.K. Semioticheskie aspekty funktsionirovaniya veshhei. Etnograficheskoe izuchenie znakovykh sredstv kultury [*Semiotic aspects of the functioning of things. Ethnographic study of cultural symbols*]. L.: Nauka. 1989. 304 p. [in Russian]
- 15 Ivanova A.V. Tekhnologii virtualnoi i dopolnennoi realnosti: vozmozhnosti i prepyatstviya primeneniya [*Virtual and augmented reality technologies: opportunities and obstacles of application*]. Available at: — URL: https://www.jsdrm.ru/jour/article/view/787?localeru_RU [in Russian] (accessed: 10.02.2024)
- 16 Immersivnye tekhnologii – budushhee realnogo i virtualnogo opyta [*Immersive technologies are the future of real and virtual experiences*]. Available at: — URL: <https://trends.rbc.ru/trends/industry/62d15e099a794704c379cf3b> [in Russian] (accessed: 05.05.2023)
- 17 Polyakov T. P., Zotova T. A., Pustovoi Yu. V., Nelzina O. Yu., Korneeva A. A. Ekspozitsionnaya deyatel'nost muzeev [*Exhibition activities of museums*]. Moskva. 2020. 439 p. [in Russian]

Information about authors:

Galiya Temirton – **corresponding author**, doctor of philosophy (PhD), deputy director of the Central state Museum of the Republic of Kazakhstan for research work, Almaty, Republic of Kazakhstan

E-mail: gt_csmrk@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1881-9156>

Информация об авторах:

Ғалия Темиртон – **основной автор**, доктор философии (PhD), заместитель директора Центрального государственного музея Республики Казахстан по научно-исследовательской работе, г. Алматы, Республика Казахстан

E-mail: gt_csmrk@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1881-9156>

Авторлар туралы ақпарат:

Ғалия Темиртон – **негізгі автор**, философия докторы (PhD), Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музей директорының ғылыми-зерттеу жұмыстары жөніндегі орынбасары, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: gt_csmrk@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1881-9156>